

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
Т.Қ.ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ

**«6D040600 – Режиссура» /драма театрының
режиссурасы/ мамандығы бойынша PhD
докторантураға қабылдау емтиханының
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Алматы, 2018


1 ҚҰРАСТЫРҒАН


«Актер шеберлігі және режиссура» кафедрасының меңгерушісі, аға оқытушы Ақжарқын-Сәрсенбек О., профессор Рахимов А.С. 

2 ТАЛҚЫЛАНДЫ


Актер шеберлігі және режиссура» кафедрасы отырысының хаттамасы № 10 «2» 05 2018 ж.

3 КЕЛІСІЛДІ

ОӘК басшысы: Гизатова Г.Б.  «14» 05 2018 ж.

НПЦПВО жетекшісі Г.Ж.Есенбекова  «14» 05 2018 ж.

4 БЕКІТІЛДІ

Ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор  Қ.З.Халықов
«14» 05 2018 ж.

«6D040600 – Режиссура» /«Драма театрының режиссурасы»/ мамандандыруы бойынша докторантураға түсуге бағытталған бағдарламасы оқу жұмыс жоспарының талабына сай алынған білімдері, біліктері, іскерлікті және құзыреттілікті анықтауға бағытталып жасалды.

Емтихан пәндерінің тізімі

"Драматургия теориясы"

"Дайындық жүргізудің әдістемесі"

"Конфликтология – (тартыс) сахналық әрекеттің негізі"

Мамандық бойынша түлектерге деген жалпы талаптар:

Білуі керек:

- режиссер мен актер шығармашылығының терең ғылыми негізі болып табылатын К.С.Станиславскийдің жүйесі мен В.И.Немирович-Данченконың теориялық мұраларын; режиссура мамандығының теориялық негіздерін;
- өзінің болашақ мамандығының мақсатын, міндетін, мазмұнын,үлгісін (форма) жұмыс әдістемесін білуі;
- актер шеберлігінің әртүрлі мектебінің ерекшелігін, драматургиядағы жанр мен стилдің міндетін;
- актер шеберлігінің негізгі элементтерін игеру;
- режиссерлік жаттығулардан, этюдтарды, пьесалардың көрінісі мен актларын қою;
- пьесаны режиссерлік талдау;
- режиссерлік түпкі ой мен қойылымдық жоспарды жасау;
- суретші, композитор және балетмейстермен жұмыс;
- сахналық бейнемен жұмыс істеудің әдістемесін;
- әдеби нұсқамен жұмыс істеудің әдістемесін, көркемдік оқылымға арналған өлеңдердің теориялық негізін;
- грим мен жұмыс істеу принциптерін;

Қабілетті болуы керек:

- көркем шығармалардың аралас түрлеріне арналған әдебиеттерден өзіндік өнердің ерекшелігіне қажеттісін таңдай білуі;
- сахналық бейнемен жұмыс барысында өнертуындысымен әдебиетке шығармашылық талдау әдістемесін игеру;
- мамандыққа сай сахналық өнердің әртүрлі әдістемелерін игере отырып, кәсіби жұмысында актерлік шеберліктің негіздерін қолдану,
- шығармашылық ұжыммен жұмыс барысында ортақ көркемдік шешімнің шеңберінде кәсіби біліктілігін қолдану (өзге орындаушылармен, режиссермен, суретшімен, балетмейстермен, концертмейстермен және т.б. мамандықтарына байланысты)
- болмысты көркемдік- сезіммен, бейнелі ойлаумен қабылдауын дамыта білу;
- мамандыққа сай көркемдік бейнені актерлік тәсілдермен жасау;
- режиссерлік шешімнің негізінде өз бетінше сахналық бейнемен жұмыс барысының әдістерін меңгеру (партитура, жеке номерлер- мамандыққа байланысты);
- кәсіби жұмысында сахналық қойылымның шарттарына сай, көрермендермен қарым-қатынас жасаудың тәсілдерін. Сондай ақ студиялық жұмыстың тәсілдерін қолдану;
- тәжірибеде дене мүшелерінің мүмкіндігін (пластика, икемділік, күш, жылдамдық, координация, би, әсемділік), музыкалық қабілеті, ырғақты сезіну, әншілік ерекшеліктерін қолдану;
- кәсіби деңгейде қойылған сөз сөйлеу тәсілін қолдану, сөз өнерін ұлттық мәдениетіміздің жетістігі ретінде меңгеру;
- тәжірибеде гриммен жұмыс істеу тәсілдерін қолдану.

Дағдысы болуы керек:

- нақты өнер туындысымен көркемдік процестерді талдай білуі;

- кәсіби қызметінде театртану әдебиеттерін қолдана білуі;
 - көркемдік шығарманың әртүрлі режиссерлік шешімдерді (интерпретация) салыстырмалы түрде талдауы;
 - дауыс екпінімен және ырғағын меңгеруі, жалғыз дауысқа арналған қарапайым ноталарды партитурадан оқи білуі, музыка элементтерін есту арқылы анықтау;
 - кәсіби жұмысында ақпараттық технологияны меңгеру
- спектакль құрылымының барлық күрделі комплексін меңгеріп оқуға;
 болашақ қойлымының бейнелі көрілімін, пьесаның әрекетке, мизансценаларға, ырғаққа айналуын спектакльдің сахналық формаларының барлық элементтерін дамытуға;
- режиссураның кәсіби негізін – түпкі ойдың бірлігі мен оның нақты көркем кейіптелуін игеруге;
 - спектакль шешіміндегі сан қилы көркем тәсілдерді меңгеруге;
 - өзінің шығармашылық қиялын дамытуға;
 - өзінің көркемдік талғамын тәрбиелеуге;
 - өзінің сахналық мәдениетін дамытуға және көтеруге;

Қабылдау емтихандары «Магистратура және PhD докторантураға қабылдау туралы Ережеге» сәйкес ауызша жүргізіледі.

Емтихан пәндерінің тізімі

«Драматургия теориясы»

Пәнді оқытудың басты мақсаты – драматургия заңдылықтарын игерумен қатар, драматургиялық шығармаларды, олардың тарихи даму кезеңдері мен жанрларын, түрлерін кәсіби тұрғыдан талдауға үйрету. Болашақ режиссерлерді қоғамды толғандырған келелі мәселелерді бүгінгі авторлар қайдәрежеде және қандай үлгіде ашып жүргендерін саралап түсіндіру. Пән әлемдік және қазақстан авторларының қазіргі уақыттағы драматургиясына қатысты өзекті мәселелер мен оларды интерпретациялау барысындағы режиссерлік ізденістер жайындағы сұрақтарға жауаптар қарастырады.

Бағдарлама мазмұны:

1. XXғ. 80-ші жылдарға дейінгі қазақ және орыс драматургиясындағы «жаңа толқын».
2. О.Бөкей пьесаларының көркемдік әлемі.
3. XXғ.соңғы жылдарындағы қазақ драматургиясының өкілдері
4. А.Сүлейменов пен Д.Исабеков әлемі.
5. XX-XXIғғ. «мәңгілік» тақырыптарды берудің жаңаша үлгісін іздеу.
6. В.Вампилов пен Н.Коляданың Драматургиясының ерекшеліктері.
7. Драматургияда соңғы жылдардағы жаңа форма мен идеяларды іздеу.
8. С.Балғабаев және жас драматургтер.

Емтихан сұрақтарының тізімі

1. XXғ. 80-ші жылдарға дейінгі қазақ және орыс драматургиясындағы «жаңа толқын».
2. Драматургия-режиссердің түпкі ойының бірінші негізі.
3. Драмалық шығармадағы басты міндет пен өзекті әрекет түсінігі.
4. Тақырып, басты конфликт және драмалық шығармадағы образдар жүйесі.
5. О.Бөкей пьесаларының көркемдік әлемі.
6. «Жаңа толқынның» көрнекті өкілі Оралханның «Құлыным менің», «Текетірес», «Зымырайды поездар», «Атаукере», «Қар қызы» және «Жанар» сияқты бір актілі пьесаларындағы рухани құлдырау, ел, жер, отан деген тақырыптардың көркемдік, символикалық шешімдері.
7. XXғ.соңғы жылдарындағы қазақ драматургиясының өкілдері А.Сүлейменов пен Д.Исабеков әлемі.
8. «Тоқырау» кезеңдерінің азғындық мәнін ашатын, ұрпақ тағдыры туралы: «Жетінші палата», «Қыздай жесір», : «Төрт тақта», «Әпке», «Тыныштық күзетшісі», «Мұрагерлер, т.б. пьесалар негізінде.

9. XX-XXIғғ. «мәңгілік» тақырыптарды берудің жаңаша үлгісін іздеу.
10. В.Вампилов пен Н.Коляданың Драматургиясының ерекшеліктері.
11. В.Вамилов пен Н.Коляданың пьесалары көптеген пікірталастар тудырса да, көп театрлардың репертуарына берік орын алуының себебі неде? Тақырыптарының өзектілігі қандай?
12. «Утинный охота», «Старший сын» шығармаларының өзектілігі.
13. «Прошлом летом в Чулимске», «Ад и небо», "Мурлин Мурло", "Сказка о мертвой царевне" шығармаларының өзектілігі.
14. Н. Коляды жолын қуушылар – О. Богаевтің «Русская народная почта», «Марьино поле», В. Сигаревтің «Пластилин», «Черное молоко» шығармалары.
15. Драматургияда соңғы жылдардағы жаңа форма мен идеяларды іздеу.
16. Н.Садурдың "Метафизикалық" драмасы.
17. Қазіргі заман драматургиясында неоромантикалық бағыт.
18. М.Арбатованың феминистикалық драмасы.
19. О.Мухинаның лирикалық драмасы, монодрама.
20. Қазіргі заман драматургиясында авангардтық ағымдар көпшілікті толғандырып жүрген ескі мәселелерді жаңаша үлгіде қалай шешетінін саралау.
21. С.Балғабаев және жас драматургтер.
22. Сұлтанәлінің пьесаларындағы әйел бейнелерінің көркемдігі.
23. Сұлтанәлінің шәкірттерінің драматургиядағы ізденістері.
24. А.Сүлейменовтың «Кек» шығармасының фәлсафалық ойлары.
25. Г.Гориннің «Атың шықпаса...», Э.Радзинскидің «Сократпен сұхбат», «Лунин», тағы өзге драматургтердің фәлсафалық ойлары.

Әдебиеттердің тізімі:

1. Қ.Қуандықов. Театрда туған ойлар. «Жазушы» 1972ж.
2. У.Садықова. На сцене наш современник. «Жазушы» 1975г.
3. Б.Құндақбаев. Бел-белестер. «Өнер» 1987ж.
4. Б.Құндақбаев. Заман және театр өнері. «Өнер» 2001ж.
5. Ә.Сығаев. Сыр сандық. «Өнер» 1981ж.
6. Ә.Сығай. Ой төрінде – театр. «Қаз.Ақпарат» 2008ж.
7. С.Қабдиева. Фольклорные традиции в казахском театре. «Өнер» 1986г.
8. Л.Богатенкова. Верность времени. «Өнер» 1981г.
9. А.Қадыров. После третьего звонка... Издат.дом «Мир» 2007г.
10. Ә.Рахимов. Пьесадан қойылымға дейін. «Тарих тағылымы» 2010ж.
11. Қ.Уәлиев. Сахна – менің өмірім. «Өнер»1981ж.
12. Перестройка и художественная культура. Сборник статей., «Өнер» 1990г.
13. М. Громова. Русская современная драматургия. Учебное пособие. М., 1999.
14. М. Громова. Русская драматургия конца XX-начала XXI века. Учебное пособие. М. 2005.

"Дайындық жүргізудің әдістемесі"

Негізгі мақсаты: дайындық процессінің ерекшеліктерін ашу.

Пәннің міндеті: қойылым барысында атқарылатын негізгі жұмыс барысын көрсету және бұл мәселеге режиссерлік жол көрсету.

Білуі қажет: шығармашылық ұжымның қалыптасуы мен актерлардың орындаушылық, эстетикалық, танымдық тұрғыдан өсуін; дайындық – ұжыммен жұмыс барысындағы ұйымдастыру мен тәрбиелеу кезеңінің аса маңызды әдістемелік негізгі бөлігі болып саналады. Режиссердің шығармашылық деңгейін, азаматтық ұстанымын, таным-талғамын дайындық жүргізуінен тануға болады. Демек, театрдағы қойылымның тағдыры дайындық процессіне байланысты болғандықтан баса назар аударуымыз қажет.

Меңгеруі қажет: режиссер шығармашылығындағы дайындық процесін меңгеруі.

Қабілетті болуы: репетиция - режиссерді ұсақ детальдарды есіне сақтауға, болмашы қателікті көре біліп, дер кезінде басқаша шешім немесе өзгеше әрекеттер ойлап табуға үйретеді. Өз шешімінің ой деңгейінен бастап, болашақ қойылымның көркемдік, идеялық тұтастығына айналғанға дейінгі өсу жолын бағдарлап, іске асыруға баулиды.

Бағдалама мазмұны

1.Тақырып. Театрдағы дайындықтың маңызы. Дайындық барысында сахналық бейнесін қайталап ойнаған сайын, актердің роль туралы түсінігі тереңдей түседі. Режиссерлік көрсету – бейненің белгілі бір тұстағы ерекше қырын ашу үшін актерге жөн сілтеуі, жол көрсетуі.

2.Тақырып. Дайындықтың түрлері. Стол басындағы дайындықтан бастау алып, іс-әрекетке көшу барысы болашақ сценографиялық шешімге байланысты уақытша безендірілген, «выгородка» ретінде қойылған декорациясы бар дайындық бөлмесінде немесе сахнада өтеді. Режиссердің бұл жұмыс кезеңі - өз ойын бейнелі түрде жүзеге асырудың пластикалық шешімін, мизансценасын табуға арналады. Мизансцена – қойылымның стильдік ерекшелігін анықтау. Үшінші кезеңдегі дайындықтар толығымен сахнада өтіп, қойылымның барлық құрамдарының (сценография, музыка, жарық, грим, реквизит, бутафор, т.б.) көркемдік тұстығын қалыптастыруға күш жұмсалады.

3.Тақырып. Дайындықтың режиссер жұмысындағы ерекшелігі. Дайындық - қойылым тобына шығармашылық талғамды қалыптастыруға, эстетикалық тұрғыдан әсер етуге мол мүмкіндік береді. Өнер туындысының толыққанды ашылуына жағдай жасайды.

4.Тақырып. Заманауи режиссерлардың дайындық процесі туралы ойлары. Станиславский дайындықты - роль мен мизансценаны өз бетінше іздену деп есептейді. Константин Сергеевич үшін: кейіпкер қандай көңіл күйде не істеп жүр және не үшін? – деген сұрақтың жауабы маңызды. А.В.Эфрос: П.Брук.

5.Тақырып. Дайындықтың режиссер шығармашылығындағы маңызы. Дайындық, суреткердің эстетикалық талғам-таразысының қалыптасуына зор мүмкіндік тудырады. Шығармашылық процесс толығымен көркем туындының шешімін табу үшін ізденісте болады: әрбір көрініс, әрбір әрекет, авторлық сөздің сахналық баламасын табуға арналады. Дайындық барысында айтылар ойлар, мизансценалар, кейіпкерлердің сахналық бейнелері талғам-таразысынан өтіп, екшеленеді.

6.Тақырып. Дайындықтың актер шығармашылығындағы маңызы. Дайындық барысында сахналық бейнесін қайталап ойнаған сайын, актердің роль туралы түсінігі тереңдей түседі. *Режиссерлік көрсету* – бейненің белгілі бір тұстағы ерекше қырын ашу үшін актерге жөн сілтеуі, жол көрсетуі.

Емтихан сұрақтары:

1. Драматургияның сахналық нұсқасын жасаудағы қысқатулармен мен текстерді алмастырудың маңызы.
2. Дайындықтың этюдтік әдісі.
3. Заманауи режиссерлар: дайындық процесі туралы.
4. Қойылыммен жұмыс процесі кезіндегі режиссердің міндеті.
5. Дайындық процесінің маңызы.
6. Қойылымның идеялық-көркемдік тұтастығы.
7. Сөз әрекеті дегеніміз не
8. Театр кеңістігіндегі ағымдар мен эстетикалық көз-қарастардың зерттеудің маңызы.
9. Режиссердің шығармашылық қиялы.
10. Дайындықтың түрлері.
11. Өзіндік жұмыстың мақсаты.
12. Қойылымның жанрлық шешімі.
13. Драматургия жайлы ғылыми әдебиеттерді зерттеу.
14. Дайындықтың режиссер жұмысындағы ерекшелігі.

15. Оқиғалар арқауы (тізбегі).
16. Дайындықтың режиссер шығармашылығындағы маңызы.
17. Дайындықтың актер шығармашылығындағы маңызы.
18. Пьесаны әрекетті талдау арқылы қорғау.
19. Шығармашылық ұжымды тәрбиелеудегі режиссердің жұмысы. /режиссер-ұстаз/
20. Қойылым мен жұмыс барысындағы мизансценаның маңызы.
21. Дайындықтың жоспары.
22. Неге біз театр өнерін ұжымдық өнер дейміз? Оның мәні неде?
23. Кейіпкер ролінің мәні. (Зерно образа).
24. Сахна шарттылығы деген не? (Условность)
25. Сахналық рольдің мақсаты қалай анықталады?

«Конфликтология - (тартыс) сахна әрекетінің негізі»

Курс мақсаты: Актерлық және режиссерлық өнер бағытындағы кәсіби білімін тереңдете отырып, одан әрі дамытумен қатар, актерлік және режиссерлік шеберліктерін сахнада пайдалана білу;

- актер мен режиссердің өзіндік шығармашылық қабілетін, ой-өрісін дамыту;
- өнер, мәдениет, сахналық білім салаларына деген көзқарасын қалыптастыру;
- актер, режиссер мамандандырылуы бойынша кәсіби теориялық және орындаушылық дайындықтардың негізін қалау;
- жеке қабілеттерін өз бетінше дамыта білуге, ізденіске баулу;

Курс міндеттері: шығармашылық, орындаушылық қызметтерді үйлестіре алатын және қазіргі кезеңдегі сахналық өнердің стильдік ерекшеліктерін ажырата білетін жоғары деңгейдегі білімі мен шеберлігі бар, білікті мамандар даярлау;

- еркін ойлау қабілетін дамыта алатын және театр өнерін насихаттаудағы өзіндік шығармашылық көзқарасты білдіре алатын, сахналық танымды одан әрі ұштай түсуге қажетті барлық көркемдік-шеберлік тәсілдері мен амалдарының негіздерін меңгерген актер, режиссер мамандарын тәрбиелеу;
- ізденушілік қызметтердің іске асуына және дамуына қажетті теориялық, психологиялық-педагогикалық білімдердің меңгерілуіне барынша жағдай жасау;
- жеке көркемдік талғам мен шығармашылық ізденісті қалыптастыруға үйрету, сонымен қатар, көркемдік білімдерді іске асыра білуге баулу, яғни сахналық қойылымдарға дайындық барысында магистранттың өзіндік жеке тұлғасының көрінуіне мүмкіндік беру;
- қазіргі заманғы баспа құралдарын пайдалана отырып, жұмыс қорытындысын есеп, реферат, мақала, диссертация түрінде таныстыра білу дағдысын қалыптастыру;

Білуі керек – Қазақстан Республикасы Конституциясы мен заңдарының тарихи даму кезеңдерін; Қазақстан халықтарының дәстүрі мен мәдениетін; Қазақстан заңнамаларын және құқықтық жүйесінің негіздері мен кәсіби қызмет саласындағы адамгершілік этикалық нормаларды, философияның негізгі түсініктері мен ұстанымдарын; қоғамның әлеуметтік даму беталысын; классикалық және қазіргі заманғы орындаушылық мектептер дәстүрін, Қазақстан аймақтарындағы театрлардың стилистикалық бағыттарының дамуын, оқу-педагогикалық және сахналық репертуар, ғылыми зерттеудің негізгі әдіснамаларын; сахнада жұмыс істеу тәсілдерін, оған дайындық үдерісін мақсатты үйлесімді ұйымдастырудың жолдары мен әдістерін; арнайы, теориялық, тарихи, жалпы ғылыми цикл кешендерінің негіздерін; әртүрлі өнер түрлерінің даму мән-мәтініндегі түрлі кезеңдерді; орындаушылық және педагогикалық репертуар; театр өнері оқу орындарының бағдарламалық талаптарын; маркетинг, менеджмент негіздерін;

Қабілетті болуы керек: ұйымдастыру-басқару қызметтерінде қабылданған шешім бойынша өз мойнына жауапкершілік алу және өз ұстанымында тұра алуды; қазақ және шетел тілдерінде театрлық терминологияны қолдануды; түрлі кезеңдердегі сахна өнерінің дамуының көркемдік стильдері мен эстетикалық бағыттарын бағдарлауды; арнайы

пәндерден сабақтар жоспарлау және өткізуді; оқу үдерісін ұйымдастыру тәжірибесін талдау және таратуды; қазіргі заманғы арнайы ғылыми білімдерді қолдануды; репетицияларға дайын болуды, әртүрлі жағдайларда дайындық үдерісінің міндеттерін анықтау, оны оңтайлы ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерін, қазақ, орыс, батыс еуропа драматургтерінің шығармаларына тұтас талдау жасауды; жеке шығармашылық ойлау қабілеттілігін қалыптастыруды; кәсіби қызмет жағдайы үшін шығармашылық қиялмен жұмыс істеуде актерлық және режиссерлық жады механизмдерін, тыңдау-ойлау үдерістерінің ерекшеліктерін, эмоциясын, (қызуқандылығымен) ерік-жігерін көрсете алууды; орындаушылық мәселелерді қою және оны шығармашылық түрде шешуді; шығарманың көркемдік тұжырымдамаларын қайта жасауды; сахналық бағдарламалар құрастыруды; ағартушылық қызметтер жүргізуді; шығармамен өз бетінше жұмыс істеуді; есту бойынша таңдауды, тасымалдауды; драмалық мәтіннің мағынасын ашуды; арнайы пәндерді оқытуды; Қазақстан жазушыларының шығармаларын насихаттауды; мамандық бойынша мәтіндерді шет тілдерінен тілдік нормаға сәйкес оқу, жазу, аударуды;

Істей алуы керек: кәсіби қызмет саласында ақпараттық технологияны пайдалануда; кәсіби қызмет үшін қажетті жаңа білімдерді қолдануда; авторлық (редакторлық) мәтіндерді оқу және мағынасын ашуға; мәдениеті мен актер және режиссерлік шеберлігін, жеке, спектакль өнерін жетілдіруге; өз актерлік шеберлігін жетілдіруге бағытталған жеке және жүйелі жұмыстардан; сахна жағдайында жұмыс істеуге; педагогикалық репертуарды үйренуге және игеруге, сабақ өткізудің әдістері мен түрлерін, нысандарын үйренуге; әлемдік театр әдістемесі мен педагогика саласындағы үздіксіз таным; түрлі әдістемелік жүйелерді талдауға және жеке ұстанымдары мен оқу әдістерін тұжырымдауға; шығармашылық ұжымдардың репертуарлық қызметін жоспарлау және ұйымдастыру;

Бағдалама мазмұны

1. Көркем шығармадағы тартыстың орны. Әдебиет, театр, кино өнеріндегі тартыстың орны, көркемдік келбеті, шығармадағы мақсатын танып білу, ажырату, сараптау.
2. Тартыстың (конфликт) түрлері. Жағымды және жағымсыз кейіпкерден бастап шығармаға арқау болатын тартыстың даму жолдары. Көркем туындының тақырыбына жанрына, стиліне және идеясына байланысты тартыстың (конфликт) түрлерін сараптау тәсілдері, жолдары.
3. Көне гректің драмалық шығармаларындағы тартыстың кейіпкер сөзінен әркетіне ұласудың әлемдік театр өнеріндегі орны.
4. Софокл, Эсхия, Еврипид және Аристофанның драматургиясындағы тартыстың басталуы, өрбуі және нәтижелері. «Медея» трагедиясының негізгі тартысы.
5. Конфликт (тартыс) құрудың шекспирлік ерекшеліктері. Шекспирдің шығармаларынан Петруччо мен Катарина (Асауға тұсау) және Отелло мен Яго (Отелло) арасындағы тартыстың мысалында сахналық әркет (қақтығыс) тудыру.
6. Тартыстың сахналық шешімі. Сахнадағы тартыстың алғы шарттарын анықтау. Оқиғаның осы сәтке дейінгі тарихын ойластыру. Кейіпкерлерді тартысқа әзірлеу.
7. Сахналық тартыстың алғышартын іздестіру жолдары. Кейіпкерлерді жүйелеу. Шығарма жағдайына қарай топтастыру. Кейіпкер мақсатын ашу. Мақсаттың астарын айқындау. Ішкі тебіреністерді айшықтау.
8. Сахнадағы психологиялық тартыс. Кейіпкердің ішкі көңіл күйі. Шығарма авторының мәтінін ашу. Кейіпкердің әр сөзінен себеп, салдар іздеу. Сахнадағы үндемей қатынасатын кейіпкерлерді зерттеу. Астар. Жасырынбақ. Шағысу. Тартыстың көмескі түрлері. Әлемдік шығармалардағы кейіпкерлер. Сахналық айтыстың айтылмай, іште қалатынын, айта тұрып басқаны меңзейтін тұстарын табу, белгілеу. Яго, Фауст. Жантық образдары.
9. Әлеуметтік тартыс.
10. Шығарманың әлеуметтік мәселелерін анықтау. «Гамлет» трагедиясының мысалында тартыстың себеп,салдарының қосымша жақтарын ашу. Таптық тартыс.
11. Классикалық драматургия арқауы бай мен кедейшілік, билік пен қарапайым халық арасында өрбитін тартыстың көркем шығармаға ұласуы. «Қан мен тер» қойылымының

мысалында. Тартыс өзегі-махаббат. Көркем шығармадағы «Үш таған», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» қойылымының мысалында.

12. Тартысты жанрлық сипатына қарай айшықтау. Трагедия, драма және комедиядағы тартыстың табиғи ерекшеліктері. «Тартыссыздық» мүмкіндіктері.

13. Конфликт қойылым кілті. Режиссерлық түйіндеме табу. Ә.Мамбетов қойылымдарындағы тартысты қоюлату тәсілдері. Ішкі тартысты, соғысқа ұластыру әдістері. Сахнаны көркемдеу шеберлігі.

14. М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» шығармасы мысалында тартысты жүйелеу. Бір қызға таласудан ағайын арасы, одан өрбіп рулық қақтығыс, нәтижесі халық қозғалысына ұласуын саралау.

15. Тартыстың актерлық трактовкасы. Н.Жантурин – «Яго!», И.Смоктуновский «Гамлет», А.Әшімов «Кламрот», Д.Ақмолда «Қорқыт» бейнелері. Пьесадан –сахнаға.

Емтихан сұрақтарының тізімі

1. Көркем шығармадағы тартыстың орны.
2. Тартыстың (конфликт) түрлері. Жағымды және жағымсыз кейіпкерден бастап шығармаға арқау болтын тартыстың даму жолдары.
3. Көне гректің драмалық шығармаларындағы тартыстың кейіпкер сөзінен әркетіне ұласудың әлемдік театр өнеріндегі орны.
4. Конфликт (тартыс) құрудың шекспирлік ерекшеліктері.
5. Тартыстың сахналық шешімі.
6. Сахналық тартыстың алғышартын іздестіру жолдары.
7. Сахнадағы психологиялық тартыс. Кейіпкердің ішкі көңіл күйі.
8. Астар. Жасырынбақ. Шағысу. Тартыстың көмескі түрлері. Әлемдік шығармалардағы кейіпкерлер.
9. Әлеуметтік тартыс.
10. Таптық тартыс.
11. Тартыс өзегі-махаббат.
12. Тартыстың жанрлық сипатына қарай айшықтау.
13. Конфликт қойылым кілті. Режиссерлық түйіндеме табу.
14. М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» шығармасы мысалында тартысты жүйелеу.
15. Тартыстың актерлық трактовкасы.
16. Трагедия, драма және комедиядағы тартыстың табиғи ерекшеліктері.
17. Ә.Мамбетов қойылымдарындағы тартысты қоюлату тәсілдері
18. М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» шығармасы мысалында тартысты жүйелеу.
19. Көркем шығармадағы «Үш таған», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» қойылымдарындағы конфликт
20. «Тартыссыздық» мүмкіндіктері.
21. Әлеуметтік тартыс.
22. «Гамлет» трагедиясының мысалында тартыстың себеп,салдарының қосымша жақтарын ашу.
23. Сахнадағы тартыстың алғы шарттарын анықтау.
24. Көне гректің драмалық шығармаларындағы тартыстың кейіпкер сөзінен әркетіне ұласудың әлемдік театр өнеріндегі орны
25. Әдебиет, театр, кино өнеріндегі тартыстың орны

Ұсынылатын әдебиеттер:

1. Байсерке М. Б. «Сахна және актер». Ана тілі. 1993
2. Кадыров А. Н. «Театр и время». Казахстан. 1988
3. Кристи Г.В. «Воспитание актера школы Станиславского». М., 2008
4. Ю.Рыбалкин. «Г.А.Товстоногов. Проблемы режиссуры»

5. Ғ.С.Рахимов. «Режиссер шеберлігі. Пьесадан қойылымға дейін» «Тарих тағылымы» 2010ж.
6. Захава Б.Е. «Мастерство актера и режиссера». М., 2008г.
7. Немирович–ДанченкоВл.И. «О творчестве актера»: Хрестоматия (любое издание).
8. М.А.Соснова «Искусство актера» М., 2008г
9. Авдеев Д.А. Происхождение театра. – Л.-М.: 1959
10. Аникст А.А. Теория драмы от Гегеля до Маркса. – М., 1983
11. Ансимов Г. Режиссер в музыкальном театре. – М., 1980
12. Антарова К. Беседы К.С.Станиславского в студии Большого театра. – М.,1952
13. Асафьев Б. Об опере. – М., 1976
14. Бояджиев Г.Н. Вечно прекрасный театр эпохи Возрождения. – Л.:1973
15. Брехт Б. Театр. Пьесы. Статьи. Высказывания. Изб.произ. Т.5/2. – М.:1965
16. Брук П. Пустое пространство. – М.,1976
17. Захава Б.Е. Мастерство актера и режиссера. – М.: 1986
18. Мейерхольд В.Э. Статьи. Письма. Речи. Беседы. Ч.2. – М.: 1968
19. Немирович-Данченко В.И. Статьи. Речи. Беседы. Письма. – М.,1952
20. Попов А.Д. Спектакль и режиссер. – М.: 1972
21. Ратнер Я.В. Эстетические проблемы зрелищных искусств.- М.: 1977
22. Рубб А.А. Тайна режиссерского замысла. – М.: 1999
23. Станиславский К.С. Соб. соч. в 8 т.М.: 1954-1961
24. Фельзенштейн В. Беседы о музыкальном театре. – Л.,1972
25. Шаляпин Ф. Маска и душа. М.,1990
26. Ярон Г.М. О любимом жанре. – М.: 1963